

Б.С. Сайлан 

тарих ғылымдарының докторы, профессор,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: b_sailan1967@mail.ru

АУҒАН СОҒЫСЫНЫҢ БАСТАЛУ СЕБЕПТЕРІ

Аңдатпа. 1979 жылы 25 желтоқсанда басталған Ауған соғысының ақиқаты әлі талай жылдар бойы айтылатыны анық. Себебі бұл соғыс – халықаралық, саяси, идеологиялық, әлеуметтік-экономикалық және әскери аспектілерді қамтыды. Әсіресе Ауған жерінде айқасқан 40-армияның бұл елге кіру себептері мақаланың негізгі өзегі болып саналады. Кеңес әскерлері шектеулі контингентінің Ауғанстанға кіруінің қыры мен сыры еңбекте жан-жақты талданады. Кеңес әскері кіргенге дейінгі Ауғанстандағы әскери-саяси жағдай, Сәуір төңкерісі нәтижесінде жаңа үкімет басына келген басшылықтың наразылыққа тап болуы қарастырылады. Ауған жетекшілерінің КСРО-ға әскер кіргізу жөніндегі өтініштері айтылады. КСРО көсемдерінің мұндай халықаралық мәселені шешудегі саясаты сарапталады. Кеңес әскерін Ауғанстанға кіргізудің дайындығы, осы мақсатта құрылған 40-армияның әскери құрамы және арнайы мақсаттағы мұсылмандық батальонның жасақталуы көрсетіледі.

КСРО атынан мұндай халықаралық және саяси шешімді қабылдаған адамдар тобы анықталып, олардың қабылдаған іс-әрекеті айқындалады. Ауғанстанға әскер кіргізу шешіміне қарсылық танытқан әскери мамандардың аты-жөні көрсетіледі. Бұл шешімді жүзеге асыру мақсатында КСРО Қорғаныс министрлігінен Оперативті топ құрылғандығы айтылады. 1978 жылғы 5 желтоқсандағы Кеңес-Ауған келісім-шартының негізінде әскердің кіргізіліп жатқандығы түсіндіріледі. 40-армияның мемлекеттік шекараны кесіп өту уақыты көрсетіліп, әскер кіргізудің себептеріне тарихи тұжырымдар жасалады.

Түйін сөздер: Ауғанстан, КСРО, АҚШ, саясат, соғыс, әскер, армия, батальон, отряд, оппозиция, қолбасшы, моджахед.

B.S. Sailan

Doctor of Historical science, Professor,
al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: b_sailan1967@mail.ru

Reasons for the Beginning of the Afghan War

Abstract. The truth about the Afghan war will be discussed more than once, which began on December 25, 1979. Because this war included international, political, ideological, socio-economic and military aspects. The main core of the article is the reasons for the entry of the 40th army in this country, in Afghanistan. The paper comprehensively analyzes aspects of the entry of a limited contingent of Soviet troops into Afghanistan. The military-political situation of Afghanistan was considered as a protest of the leadership that came to the new government before the entry of the Soviet Army, as a result, of the April coups. In Soviet times, the appeal of Afghan leaders was adopted the introduction of troops in the USSR. It is analyzed the policy by the leaders of the USSR in solving such international problems. In this regard, due to the fact that currently on the territory of the Republic of Kazakhstan in the period from January 1 to December 31, 2014 is held operational and preventive measure "Safe road".

A group of persons who made such an international and political decision on behalf of the USSR was identified and their actions were established. Surname, name, patronymic names of military specialists who resisted the decision to send troops to Afghanistan are indicated. It is said that in order to implement this decision, a Task Force was created by the Ministry of Defense of USSR. It is explained that on the basis of the Soviet-Afghan treaty of 5th December 1978, troops were introduced. The time of state border crossing by the 40th army is indicated, historical formulation of the reasons for troops entry is explained.

Key words: Afghanistan, USSR, USA, politics, war, army, battalion, detachment, opposition, commander, Mujahid.

Б.С. Сайлан

доктор исторических наук, профессор,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: b_sailan1967@mail.ru

Причины начала Афганской войны

Аннотация. Истина об Афганской войне, начавшаяся 25 декабря 1979 года, еще не раз будет обсуждаться, потому что эта война включала в себя международные, политические, идеологические, социально-экономические и военные аспекты. Основным стержнем статьи являются причины вхождения 40-ой армии в эту страну, в Афганистан. В работе всесторонне анализируются аспекты вхождения ограниченного контингента советских войск в Афганистан. Военно-политическая ситуация в Афганистане до вступления Советской Армии в результате апрельских переворотов рассматривается как протест руководства, пришедшего в новое правительство. В советское время было принято обращение афганских руководителей о вводе войск в СССР. Анализируется политика вождей СССР в решении таких международных проблем. В связи с этим на территории Республики Казахстан в период с 1 января по 31 декабря 2014 года проводилось оперативно-профилактическое мероприятие «Безопасная дорога».

Выявлена группа лиц, принявших такое международное и политическое решение от имени СССР, и установлены действия, которые они применяли. Указаны имена военных специалистов, оказавших сопротивление решению ввода войск в Афганистан. Говорится, что в целях осуществления данного решения, из Министерства обороны СССР создана Оперативная группа. Объясняется, что на основании Советско-Афганского договора от 5 декабря 1978 года были введены войска. Указано время пресечения 40-й армией государственной границы, разъясняется историческая формулировка причин ввода войск.

Ключевые слова: Афганистан, СССР, США, политика, война, армия, батальон, отряд, оппозиция, командующий, моджахед.

Кіріспе

Кенес Одағының тұсында ұзаққа созылған соғыстың бірі – Ауған соғысы. 1979 жылы желтоқсанда асығыс жасақталған 40-армия осы айдың 25-і күні мемлекеттік шекараны кесіп өтіп, Ауғанстан территориясына кірді. Бүгінгі күні осы бір сұрапыл соғыстың басталғанына аттай 40 жыл толып отыр. «Ауғанстандағы Кеңес әскерлерінің шектеулі контингенті» атына ие болған бұл әскери құрама 10 жыл бойы ол елде тұрақтап қалды. Ауғанстандағы ахуалды тұрақтандыру мақсатында кірген 40-армия алғашқы күндерден-ақ мықты қарсылықтарға тап болды.

Бұл соғыстың тарихы қаншалықты жазылып жатқанымен, соғыстың басталу себептері туралы әлі айтатын тұстары жетерлік. Әсіресе, 1978 жылы сәуір айында болған Ауғанстандағы «Сәуір төңкерісі» бұл соғыстың басталуына көп ықпал етті. Өйткені «Сәуір төңкерісінің» нәтижесінде ел тізгінін қолына алған коммунистік бағыттағы «Ауғанстан халықтық демократиялық партиясының» көсемдері мен мүшелері, мемлекет пен үкіметті басқара алмай, халық наразылығына тап болды. Тығырықтан шығудың жолын іздеп аласұрды. Ақыры ел ішіндегі жағдайды Кеңес Одағын қатыстыра отырып шешкісі келді. Сөйтіп, Кеңес Одағына үстін-

үстін әскер кіргізу жөнінде өтініштерін айтты. Мұндай өтініштер алғашында қарсылыққа тап болғанымен, соңында аяқсыз қалдырылмады. КСРО көсемдерінің шағын тобымен қабылданған саяси шешім мақұлданып, әскер кіргізуді жөн деп тапты. Ал әскер кіргізудің саяси себептерін ажыратып, оның кемшіл тұстарын анықтап, қабылданған шешімнің оңы мен солын нақтылап көрсету тарихшылардың міндеті деп ойлаймын.

Методология

Қарастырылып отырған мәселенің деректік базасын мұрағат базасындағы әскери қорлар, Ауған соғысы ардагерлерінің қоғамдық бірлестігі мен ұйымдарындағы мұрағат қорлары және олардың ашқан сайттарындағы деректер, 40-армия қолбасшылары мен бұрынғы әскери және дипломатиялық қызмет атқарған лауазым иелерінің естеліктері, сонымен қатар осы соғыс жайында жарияланған құжаттар мен материалдар, әдебиеттер мен деректер құрайды. Соғысқа қатысушылардың мәселесін тарихи құжаттар арқылы қарастыру – кеңес әскерлері шектеулі контингентінің Ауғанстанға кіру себептерін, қабылданған саяси халықаралық шешімдердің ара-жігін, соғыс алдындағы КСРО мен Ауғанстан арасындағы әскери-саяси жағдайдың ахуалын анықтауға негіз болды. Екі ел арасындағы

мәселені оқып білу мен жан-жақты талдауда салыстырмалы және шынайы баға беретін концепция қарастырылды. Сонымен қатар кейінгі жылдары бұл соғыстың саяси бағасын анықтау жолында жарияланған құжаттар кеңінен пайдаланылды.

Негізгі бөлім

1978 жылы 27 сәуірде Ауғанстан Халықтық Демократиялық Партиясына (АХДП) мүше-офицерлер өз бөлімшелерімен президент сарайына шабуыл бастап, М. Дауд режимін құлатты. Бұл оқиға тарихта «Сәуір төңкерісі» деген атпен қалды. А. Қадыр басқаратын Әскери-революциялық кеңес 29 сәуірде елдегі билікті Н.М. Тараки басқаратын Революциялық кеңеске берді. 30 сәуірде АХДП өздерінің бірінші мәжілісінде ОК Бас хатшысы қызметіне Н.М. Таракиді, оның орынбасары етіп Бабрак Кармальды сайлады. Осы күні елді Ауғанстан Демократиялық Республикасы (АДР) деп жариялады (Егемен Қазақстан, 2009).

АХДП түбегейлі әлеуметтік-экономикалық реформалар бадарламасын жариялап, іске кірісті. Бірақ маңызды реформалар кезінде АХДП шамадан тыс радикализм мен негізсіз шапшаңдықты көрсетті, ауылдық жерлердегі әлеуметтік қатынастардың табиғатын білмеді, көбінесе ұлттық ерекшеліктер мен тарихи дәстүрлерді елемеді. Сәуір төңкерісі жеңісінің алғашқы қадамдарынан бастап-ақ жаңа үкімет жол берген қателіктер елдегі оң процестің дамуын едеуір күрделендіріп жіберді, революцияға бүйрегі бұратын одақтастарды үркітіп алды, сөйтіп олардың көпшілігі революцияның жауына айналды. АХДП маркстік-лениндік партия ретінде насихатталды. Шаруалардың едеуір бөлігі Пәкістан мен Иранға кетті, онда олар бүлікшілердің қарулы отрядтарының негізгі көзіне айналды. Ауған шаруаларының елде қалған бөлігі АДР үкіметіне қарсы күрес жүргізушілердің тобын толықтырды.

1978 жылы маусымда АХДП басшыларының арасында жікке бөліну басталды. Ауғанстан билігін «Халықшылар» тобы басып алды. Бабрак Кармаль бастаған «Парчам» тобының көшбасшылары қызметтерінен алынып, шетелдерге елшілікке жөнелтілді. Төңкерістен жеті ай өткеннен кейін, 27 қарашада «Парчам» тобының тоғыз адамы партиядан шығарылып, халық жауы деп жарияланды (Сайлан, 2018: 144).

Кабулдағы жаңа режимге дұшпандықты батыстың жетекші елдері де ұстанды. Ауған ре-

волюциясы КСРО мен АҚШ арасындағы әскери-саяси теке-тірестің арта түскен халықаралық шиеленістің кезекті кезеңі болды. Вашингтонда халықаралық қатынастар жүйесіндегі өзгерістер «КСРО-ның геосаяси шиеленістері» деп қарастырылды. АҚШ президенті Дж. Картер ауған революциясының «халықаралық бейбітшілікке қауіп» екенін айтты. Осындай баға Вашингтонның АДР-ға қатысты саяси бағытын анықтады. АҚШ АДР-мен дипломатиялық қарым-қатынастарды дәл сол деңгейде ұстап, әліптің артын бағуды жөн көрді. 1978 жылдың жазында АҚШ пен АДР Ауғанстанға экономикалық және техникалық көмек көрсету, соның ішінде аяқталмаған Гильменд жобасын қаржыландыру туралы бірнеше келісімдерге қол қойды. Вашингтон Кабулға көмекті 20 млн долларға дейін өсіруді көздеді (Арунова, 2000:13).

Алайда, Ирандағы ислам революциясынан және 1979 жылдың ақпан айында АҚШ-тың Кабулдағы елшісі А. Дабс өлтірілгеннен кейін Вашингтондағы ауған саясаты күрт өзгерді. АҚШ Ауғанстанға көмек көрсетуді тоқтатты. Құрама Штаттармен бір мезгілде батыстың басқа да елдері – Ұлыбритания, Германия, Франция, сондай-ақ Жапония Ауғанстанға қаржы, техникалық және экономикалық көмек көрсетуді тыйды. Вашингтон ауған оппозициясына қару жеткізіп қана қоймай, Пәкістан, Сауд Арабиясы, Египет және Ауғанстандағы бүлікшілерге көмек көрсету үшін аймақтағы басқа да елдердің күш-жігерін үйлестіру міндетін алды (Арунова, 2000:3).

Сәуірдегі әскери төңкерістен кейін армияда жағдай күрт нашарлады. Революциядан кейін даудтық армияның 60-қа жуық генералы қамауға алынды. Олардың кейбіреулері өлтірілсе, біреулері отставкаға кетуге мәжбүр болды. Х. Аминнің үш ай билігі тұсында армиядағы қайта құрулар (репрессия, жаппай босату) солдаттардың моралдық, жауынгерлік қабілеттілігін әлсіретіп қана қоймай, әскер саны 90 мыңнан 40 мыңға дейін азайды. Жауынгерлердің әскерден қашуының көлемін 1979 жылғы наурыз айында Гератта үкіметке қарсы басталған көтерілістен көре аламыз. Сол көтеріліс барысында 17-ші жаяу әскер дивизиясының көптеген жауынгерлері мен офицерлері бүлікшілер тарапына шықса, 1979 жылдың мамыр айына қарай 10 мыңға жуық жауынгер және офицер оппозиция лагеріне ауысып кетті (Коргун, 2004: 414).

Алайда АДР үкіметінің негізгі жауы исламдық саяси партиялар болды. Осы партиялардың

күшімен 1978 жылдың өзінде Пәкістан аумағында қарулы отрядтарды даярлау лагерлері мен базалары құрылды. Ол отрядтар Кабулға қарсы әскери іс-қимылдар жасау үшін Ауғанстан аумағына жөнелтіліп отырды. Кейіннен ол партиялардың барлығын Пәкістан өкіметі ресми түрде тіркеуге алып, аймақтағы бірқатар елдерден (Пәкістан, Сауд Арабиясы, Египет) және батыс елдерінен (АҚШ, Англия, Германия, Фран-

ция т. б.) материалдық және әскери көмек алды. 1979 жылдың аяғына таман Пәкістан аумағында орналасқан қарулы отрядтарды даярлауға арналған 23 лагерде 35 мың адам даярлықтан өтті. Оған қоса Ауғанстанмен көршілес елдерде 100-ден астам оқу орталықтары жұмыс істей бастады, ал олардағы бүлікшіл күштер 100 мың бандит мен жалдамалыларға дейін өсті (Егемен Қазақстан, 2009).



Сурет – Л. И. Брежнев және Н. М. Тараки. Мәскеу 1978 жыл

Мемлекеттік биліктің әлсіреуінен моджахедтер 1979 жылғы наурыз айының ортасына қарай, қаруды белсенді пайдалануға көшті. Хост, Гарdez, Герат, Желалабад гарнизондарында ірі бүліктер ұйымдастырылды. Мамыр айының аяғында моджахедтердің осындай қарулы іс-әрекеттерінің арқасында Ауғанстанның 22 провинциясы соғыс жағдайына көшті. 1979 жылы қарашада жаңа үкіметтің бас орталығына нақты қауіп төне бастады (Война в Афганистане, 1991: 112).

Н.М. Таракидің бастауымен ауғандық жетекшілер бірінші рет кеңестік әскерлерді жіберу туралы өтініштерін 1979 жылдың 18 наурызында А.Н. Косыгинмен телефон арқылы болған әңгімесінде айтты. Тараки сонымен қатар сөзінің соңында өз өкіметінің атынан хабарлаған өтінішін аяқсыз қалдырмауды сұрады. Ал әскер кіргізу әлемде Кеңес Одағының басқыншылық

саясаты деп бағаланатын еді. «Сондықтан да болар Косыгин бұл күрделі де саяси, халықаралық мәселе» – екенін атап, нақты жауап бере алмады (Корниенко, 1993: 108).

Телефонмен болған әңгімеден кейін «Ауғандық үштік» (афганская тройка) Ю.В. Андропов, А. А. Громыко және Д.Ф. Устинов жиналды. (Бұл кезде осы үшеуі, кей кездерде Пономаревтің қатысуымен Ауғанстан мәселесімен көп айналысты). Ақылдаса келе бәрінің пікірі бір арнаға тоғысып, Ауғанстанға кеңес әскерлерін кіргізуге болмайды, бұл ол жақтағы жағдайды күрделендіре түседі және Кеңес Одағына халықаралық саясатта зиянын тигізеді деп шешті. Сөйтіп АДР басшысы Н.М. Тараки жасырын түрде жедел Кеңес Одағының астанасы Мәскеуге шақырылды. Мәскеуде және Кабулда бұл істі ат төбеліндей адамдар ғана білді.

Н. Тараки 20 наурызда Мәскеуге келді. А.Н. Косыгин кеңес елінің барлық басшылығы атынан, оның өтініші жөніндегі мәселеге тоқталып: «тағы да айтатыным, кеңес әскерлерін енгізу жөніндегі мәселе біздің жағымыздан жан-жақты талқыланды, біз барлық аспектілерді ескере отырып мынадай шешімге келдік. Егер біз әскерімізді енгізетін болсақ, сіздің елде жағдай жақсармайды, керісінше қиындай түседі» – деген байлам айтты (Корниенко, 1993: 109).

Н. М. Таракидің көңілі күпті болмас үшін сол күні Л. И. Брежнев пен АДР басшысына кездесу ұйымдастырылды. Бұл кездесуде Л. И. Брежнев дайындалған материалдарға сүйене отырып Н. М. Таракиге: «Сіздің А. Н. Косыгинмен телефон арқылы және осында Мәскеуде қойған сұрағыңыз жөніндегі мәселеге тоқталсақ, біз кеңес әскерлерін Ауғанстанға енгізу жөніндегі өтінішті мұқият қарадық, жан-жақты шештік. Нақтылай айтатын болсам, мұндай шешімге келуге болмайды» – деп, КСРО-ның бірінші басшысы да бұл сұрақты кері қайтарды (Корниенко, 1993: 110).

Бірақта 1979 жылы мамыр айының басында Орта Азиялық республикалардың түпкілікті ұлтынан жасақталған арнайы батальон құру жөнінде шешім қабылданды (бұл батальон, КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің (МҚК) арнайы бөлімдерімен бірлесе отырып Х.Аминді өкімет басынан шеттетуде айырықша рөл атқарды). Арнайы мақсаттағы мұсылмандық батальон (1-мұсылман батальоны) үшін жауынгерлер Түркістан және Орта Азия әскери округінің «мұсылман» ұлты өкілдерінен, әсіресе барлаушылар, атқыштар және танкішілер бөлімшелерінен таңдалынып алынды. Шығыс тілін білу және қайратты болу – басты талап болды. Батальон тек жаңа техникамен және қару-жарақпен жасақталынды. Ол арнайы екі топқа бөлінген бес ротадан тұрды. Саны – 500 адамнан сәл артық болды. Батальон командирі болып өзбек Х. Т. Халбаев тағайындалды (Ляховский, 1995: 83).

Мамырайыныңаяғынақарай«мұсылмандық» батальон құрылып бітті. Ол Ташкентке жақын Шыршықтағы әскери қалашыққа жайғасты. Жаз бойы батальон арнайы жауынгерлік дайындықпен айналысты (қару-жарақтың бар түрінен ату, бет-бет айқасу, жүгіру, мина істерін игеру және т. б.). Ал жаздың соңында батальон өзінің дайындықтарын көрсетіп, сынақтан өтті. Оларға қоса бірте-бірте КСРО МҚК-нің айырықша мақсаттағы бөлімшелері дайындыққа

кірісті. Олардың кейбіреулері Кабулға ертерек апарылып тасталынды (Млечин, 2011: 401).

Х. Амин өз өкілеттілігін күшейту мақсатында Ауғанстанда кеңес әскерлерінің болуын өте қатты қалады және осы мақсатқа жету үшін қолынан келгенінің бәрін істеп бақты. Ол сол уақытта кеңестік әскердің өзінің түбіне жететінін ойламады да. Кеңес әскерлерін Ауғанстанға кіргізу жөніндегі Н. М. Тараки мен Х. Аминнің одан кейінгі айларда да жалғасқан өтініштеріне оң жауап қайтарылмады. Тек 1979 жылдың жазында Кабулға және оған жақын орналасқан Баграмдағы әуежайға үкіметке қарсы бағытталған ұрыс қимылдарына қатысу үшін емес, Ауғанстандағы кеңестік азаматтарды қауіпсіздендіру мақсатында шағын ғана әскери бөлімше жіберілді.

«Парчам» тобының көшбасшылары елден қуылғанымен, АХДП арасындағы алауыздық тоқтамады. Енді бірінші басшы Н. Тараки мен Х.Амин арасында теке-тірес басталды. Н. Тараки 8 қазанда орынбасары Х. Аминнің бұйрығымен өлтірілді. Х. Амин Ауғанстанның бірінші тағын тақымына басты (chrontime.com)

Бұл жағдайды Мәскеу өте ауыр қабылдап, әрі қарай не істеу керек деген ойға кетті. Ал Амин болса бұл уақытта өзіне қарсы шыққан, сонымен бірге өзімен иықтаса түскендердің барлығының да көзін жойды. Таракидің тақтан тайып, Аминнің террорлық әрекетті тоқтатпауы басшылықтың барлық беделін жоғалтты. Биліктегі былық пен ауғандық халықтың басым көпшілігінің реніштерінің өсуін, сыртқы жаулар АХДП режиміне қарсы қолайлы және белсенді түрде пайдалана кетті. Оппозициялық топтар сырт елдерден тез көмек алды. АДР шекарасының оңтүстігінде пәкістандық армия бөлімдері шоғырланып, соғысқа қолайлы жерлерді иелене бастады. 1979 жылдың аяғына қарай әскери қолдау тапқан бүлікшілердің жартылай тұрақты жасақтарының саны 40 мыңға жетіп, Ауғанстандағы 27 провинцияның 12-інде үкіметке қарсы ұрыс әрекеті жүрді. Кеңестік басшылар арасында Х. Амин жақында тақтан түседі деген пікір қалыптасты. Осы сәттерде Х. Аминнің АҚШ өкілдерімен байланысы туралы Кеңес Одағында мәліметтер пайда болды. Армияда да бүліктер шыға бастады. КСРО Қарулы күштері Бас штабының, МҚК-нің, сыртқы саясатпен айналысушылардың бәрінің алдында не істеу керек? – деген сұрақ көлденең тұрды. Күннен-күнге қиындап жатқан мәселенің шешімін табатын жолды барлығы жанталаса іздеді.

Мәскеуде бірте-бірте Х. Аминді қызметінен шеттететін және оның орнын оған қарағанда адал істейтін қайраткермен алмастыру ойлары пайда бола бастады. Бұл уақытта Чехословакиядан жасырын түрде келген «Парчам»

фракциясының көшбасшысы Бабрак Кармаль Мәскеуде жүрді. Бабрак Кармальға Х. Аминнің көзін құртатын күреске жетекші болу ұсынылды. Ол оған келісім беріп, тез арада КСРО МҚК-нің бақылауына алынды (rompiro.ru).



Сурет – Л. И. Брежнев және Бабрак Кармаль. Мәскеу. 1980 жыл

Ал бұл уақытта «1-мұсылмандық батальоның» жауынгерлері 10-12 қарашада Ташкент және Шыршық әуежайынан ұшырылып, Ауғанстандағы Баграм авиабазасына түсірілді. Мұсылмандық батальондағы барлық офицерлер мен солдаттарға ауғандық әскери киімдер кигізілді, сырт көзбен қарағанда олардың ауғандық әскерилерден айырмашылығы да болмады. Бұл әскери киімдер Ауғанстаннан кеңестік әскери барлаушылардың қатысуымен алдырылып, сол үлгілер бойынша тігілді. Ауғанстанға келген «1-мұсылмандық батальон» бір ай бойы өздері түсірілген әуежайда жауынгерлік және арнайы жаттығулармен айналысып, Ауғанстан астанасы Кабулға жылжуға дайындалды (Ляховский, 1995: 107).

1979 жылы 8 желтоқсанда Л.И. Брежнев кабинетінде мәжіліс болып, оған Саяси бюроның шағын тобы: Ю. Андропов, А. Громыко, М. Сулов, және Д. Устинов қатысты. Олар Ауғанстан мен оның төңірегіндегі қалыптасқан жағдайларды ұзақ уақыт талдады. Мәжіліс соңында олар мынадай екі вариантпен жұмыс істеуге келісті. Бірінші, МҚК-нің арнайы қызметкер-

лерінің қатысуымен Х. Аминнің көзін жойып, оның орнына Бабрак Кармальды отырғызу; Екінші, бұл мақсатты орындау үшін Ауғанстан территориясына әскердің кейбір құрамаларын жіберу мәселесі қаралды.

1979 жылы 10 желтоқсанда КСРО Қорғаныс министрі Д.Ф. Устинов Бас штаб бастығы Н.В. Огарковты өзіне шақырып алып, оған Саяси бюро Ауғанстанға кеңес әскерлерін уақытша кіргізу үшін алдын ала шешім қабылданғанын айтып, шамамен 75-80 мың адамды дайындау тапсырмасын берді.

Н.В. Огарков бұл тапсырмаға таңдана отырып, 75 мың адам ондағы жағдайды тұрақтандыра алмайтынын, бұл ақылға сыймайтын іс екенін және әскерді кіргізуге қарсы екенін айтып, рай танытты.

Министр оны тез тоқтатып: «Сіз не, Саяси бюроны оқытпақшысыз ба? Сізге тек бұйрықты орындау тапсырылады» – деп, сөйлетпей тоқтатып тастады (Ляховский, 1990: 64).

Осы күні КСРО ҚК-нің Бас штаб бастығы Н.В. Огарков тез арада Л.И. Брежневтің кабинетіне шақырылды. Онда «шағын Саяси бюро» деп

аталатындар жиналды (Ю. Андропов, А. Громыко және Д. Устинов). Бас штабтың бастығы ауғандық мәселені күш қолдану арқылы емес, саяси жолмен шешу керек екендігін қатысып отырғандарға қайта түсіндіріп бағуға тырысты. Ол ауған халқының өз территориясында шетелдіктердің жүргеніне шыдай алмайтынын, салт-дәстүрлерінің ерекше екенінде ескертіп сөйледі. Саяси бюроның бұл шешімі Н.В. Огарковтың ғана емес, оның бірінші орынбасары С. Ф. Ахромеевтің де және Бас оперативті басқарма бастығы В. И. Варенниковтың да кеңес әскерлерін Ауғанстанға кіргізу жөніндегі ынталарын тудырмады. Бұл әскери шенділер мұндай жолға қадам жасауға тек саяси көзқараспен ғана қарап қоймай, терең ойлана қарады. Вьетнамдағы америка интервенциясын мысалға ала қарады. Бірақта әскери маршалдардың ойлары мен пікірлері қабылданбады.

Кешке Д. Устинов Қорғаныс министрлігінің ұжымын жинап, жоғары әскери қолбасшылардың шағын тобына жақын арада Ауғанстанға кеңес әскерлерін кіргізу шаралары іске асуы мүмкін екендігін хабарлады және тиісті топты дайындау керек екенін айтты. Д. Устинов Бас штабқа Түркістан әскери округінен (ТүрӘО) жаңа армия жасақтау туралы ауызша тапсырмасын берді.

Ауғанстанға әскер кіргізу жөніндегі соңғы саяси шешім желтоқсанның 12 күні түс ауа шағын ғана кеңес басшыларының тобымен қабылданды. Бұл топта Брежнев, Сулов, Андропов, Устинов және Громыко болды. Осылайша жағдай КОКП ОК Саяси бюросының толық мүшелерісіз-ақ шешілді. Соңынан Саяси бюроның жазба түрінде қаулысы шықты, оған Саяси бюро мүшелері толық өз қолдарын қойды. Ауғанстанның заңды үкіметінің өтінішін ескеріп және 1978 жылғы 5 желтоқсандағы Шартты, сондай-ақ БҰҰ Жарғысының мемлекеттердің өзін-өзі қорғау құқығы туралы 51-бабын алға тартып, КСРО Ауғанстанға қарулы күштерін кіргізуге келісті (Крючков, 2003: 321).

Шешім қабылданған күннің ертесіне Бас штаб бастығының бірінші орынбасары, армия генералы С. Ф. Ахромеевтің басшылығымен КСРО Қорғаныс министрінің Оперативті тобы құрылды. Бұл топқа Бас штабтың генералдары мен офицерлері, оған қоса КСРО Қарулы күштерінің барлық саласынан, КСРО Қорғаныс министрлігінен және орталық басқармаларынан өкілдер кірді. 14 желтоқсан күні 22. 00-де КСРО Қорғаныс министрлігінің Оперативті тобы кеңес-ауған шекарасына орналасқан Термезге келді және ТүрӘО-де жұмысқа кірісті. Сәл кейіннен

КСРО Қорғаныс министрлігінің Оперативті тобына жетекші етіп, Кеңес Одағының маршалы С.Л. Соколовты тағайындады (Сайлан, 2001: 96).

Бас штабтың Бас оперативті басқармасында Ауғанстанға 40-армияны кіргізуді қамтамасыз ету үшін Қарулы күштердің барлық саласынан генералдар мен офицерлердің арнайы тобы жұмыс істеді. Олар арқылы Ауғанстанға әскерлерді кіргізуді қамтамасыз ету үшін Бас штаб бастығы мен Қорғаныс министрлігі нұсқауларының жобалары дайындалды. Ауғандық шекараға әскер мен техниканы, қару-жарақ пен басқа материалдық қажеттіліктерді тасу жоспарланып жүзеге асты, басқа да түрлі ұйымдастыру шаралары жүргізілді. Ауғанстандағы әскери-саяси жағдайлар туралы хабарлар алынып, ол жөнінде ұсыныстар баяндалды. Бұл топ «жабық есік» жағдайында жұмыс істесе де, Бас оперативті басқармасының көптеген офицерлері олар арқылы шешіліп жатқан мәселелердің жүзеге асатынын білді, сондықтан да Ауғанстанға кеңес әскерлерін кіргізу олардың көпшілігі үшін аяқ асты шешілген жағдайға саналмады.

16 желтоқсанда ТүрӘО-дан 40-армия бөлініп, армия қолбасшылығына генерал-лейтенант Ю. В. Тухаринов тағайындалды. Барлығы 100-ге жуық бірлестіктер ұрысқа бағытталды. Әскерлерді жасақтау үшін резервтен 50 мыңнан аса офицерлер, сержанттар мен солдаттар шақырылды, ауыл шаруашылығынан 8 мыңға жуық автомобильдер мен басқа техникалар бөлінді (Ляховский, 1995: 130).

24 желтоқсан күні бірінші жазбаша құжат пайда болды. Бұл құжатқа КСРО қорғаныс министрі Д. Ф. Устинов пен Бас штаб бастығы Н.В.Огарковтың қолы қойылып әскерге жіберілді. Құжатта: «Орталық Шығыстағы әскери-саяси жағдайға байланысты Ауғанстан үкіметінің соңғы өтініші дұрыс деп танылды. Достық ниеттегі ауған халқына интернационалдық көмек көрсету мақсатында Ауғанстан демократиялық республикасына елдің оңтүстігінде орналасқан әскердің кейбір бөлімдері кіргізіледі, сондай-ақ кейбір мемлекеттер тарапынан антиауғандық әрекетке тыйым салып, қолайлы жағдай жасау үшін шешім қабылданды» – деп, қабылданған шешімнің қысқаша түсініктемесі берілді [108, с. 10].

Құжат бойынша АДР-ға кіретін әскери топ құрамы былай көрсетілді: 40-армия (108-ші және 5-мотоатқыштар дивизиясы, 860-дербес мотоатқыштар полкы, ОАӘО-дан 56-шы дербес десантшылар бригадасы, 353-ші артиллериялық және 2-зенитші-ракеталық бригадалар, ТүрӘО-

дан 103-ші әскери-десантшылар дивизиясы және 345-ші дербес парашютшы-десантшылар-полкы, 34-ші аралас авиациялық корпус) болып белгіленді. Оған қоса резерв ретінде Кабул бағытына қарай ОАӘО-дан 201-мотоатқыштар дивизиясы, ал Кушка бағытына қарай ТүрӘО-дан 68-мотоатқыштар дивизиясы кіретін болды (Меримский, 1993: 32).

Әрі қарай жолға шығу және Ауғанстан территориясына орналасу міндеттері қойылды. Соғыс қимылына қатысу айтылмады. АДР-ға әскер кіргізуге қатысты барлық шаралар бір тәуліктен де аз уақыт ішінде жүзеге асты. 25 желтоқсан күні таңертең Н. В. Огарков телефонмен мемлекеттік шекараны кесіп өту Мәскеу уақыты бойынша 15. 00 (жергілікті уақыт бойынша 17. 00) екенін хабарлады. Белгіленген уақытта Кеңес әскері әуеде де, жерде де мемлекеттік шекараны кесіп өтті (Фрунзевец, 1989).

Қорытынды

Кеңестік басшылар Ауғанстанға әскер кіргізу туралы шешімін не үшін қабылдады деген сұраққа, мынадай үш көзқарасты айтуымызға болады.

Біріншіден, Кабулда үкімет басына Х. Аминнің келуі Кеңестік жетекшілерге ұнамады. КСРО-ға Ауғанстанды уыстан шығарып алу, яки онда америкалықтардың орнығу қатері төнді. Кеңестік партократтар әскерлер гарнизондарға, ірі қалаларға және қорғаныс пункттеріне орналастырылып, бұл елді өкіметке қарсы күштерден қорғайды, әскери қақтығыстарға қатыспайды, тәртіптік әрекеттермен ғана шектеледі, деді.

Екіншіден, Ю.В. Андропов, А.А. Громыко, Д.Ф. Устинов және М.А. Суслов Кеңес Одағының қауіпсіздігін ескере отырып, Кабулдағы социалистік жүйенің америкалық жүйемен алмасуынан қауіптенді. Идеологиялық жағынан алғанда, мұның өзі көрші елдерден ғана айырылу емес, социалистік елден айырылу еді.

Үшіншіден, бұл уақытта КСРО мен АҚШ арасындағы, сонымен қатар НАТО-ның басқа да елдері арасындағы қарым-қатынас бұзылған еді.

Ауғанстан – кеңес халқы мен оның Қарулы күштері өмірінде ұмытылмас із қалдырды. Соғыс жалынынан 620 мың адам өтсе, оның 525 мыңы Кеңес армиясының жауынгерлері болды. Кеңестік әскер тарапынан орасан зор адам шығыны орын алды. 15 мыңға жуық адам қаза тапты, 50 мыңнан аса адам жараланды, 311 адам із-түзсіз жоғалды. Біздің республикамыздан 22 мың адам Ауған соғысында болып қайтты. Олардың 1000-ға жуығы осы соғыста құрбан болды және Қазақстан жерінде жерленді, 20 адам із-түзсіз жоғалды. Ал жалпы шығынның 362-сі қазақ ұлтының өкілі екендігі анықталды (Сайлан, 2018: 378).

Солақай саясаттың салдарынан қабылданған шешімнің кесірінен қаншама боздақтар өмірдің ең жоғарғы өлшемі өліммен есептесіп, қанды қақтығыстарда жазықсыз жандардың қаны босқа төгілді. Бірақ амал қанша, бұйрық талқыланды, орындалады. Осылайша 1979 жылдың 25 желтоқсаны кеңес әскерлері шектеулі контингентінің Ауғанстанға кірген және соғыстың басталған күні ретінде тарихи датаға айналды.

Әдебиеттер

- Арунова М. Р. (2000). Афганская политика США 1945-1999 гг. Москва, 128 с.
 Бабрак Кармаль – биография// rotpirgo. ruҚаралған күні: 05. 10. 2019.
 Ввод войск в Афганистан: Как это было (1989). // Фрунзевец, 29 декабрь.
 Война в Афганистане (1991). Москва: Воениздат. 367 с.
 Коргун В. Г. (2004). История Афганистана XX век. Москва: ИВ РАН: Крафт. 529 с.
 Корниенко Г. М. (1993). Как принимались решения о вводе советских войск в Афганистан и их выводе // Новая и новейшая история. №3. 107-118 с.
 Крючков В. А. (2003). Личное дело. Москва: Изд-во Эксмо, 2003. 480 с.
 Ляховский А. (1995). Трагедия и доблесть Афгана. Москва. 1995. 650 с.
 Ляховский А. А. (1990). На афганской выжженной земле // Коммунист Вооруженных Сил. №22. 57-68 с.
 Меримский В. А. (1993). Война по заказу // Военно-исторический журнал. №11. 30-36 с.
 Млечин Л. (2011). История внешней разведки. Карьеры и судьбы. 528 с.
 Сайлан Б. (2018). Біз болған соғыс. Алматы: Қазақ университеті. 508 б.
 Сайлан Б. С. (2001). Ауған соғысының ақиқаты. Алматы: Қазақпарат, 2001. 250 б.
 Сайлан Б. С. (2009). Ауғанстан: Сәуір төңкерісі бастаған соғыс // Егемен Қазақстан. 2009. 28 қаңтар.
 Убийство Нур Мохаммада Тараки // chrontime. com. Қаралған күні: 05. 10. 2019.

References

- Arunova M. R. (2000). Afganskaja politika SShA 1945-1999 gg. [USA Afghan Politics 1945-1999]. Moskva, 128 s.
- Babrak Karmal' – biografija [Babrak Karmal – biograph]. pomnipro. ruDate: 05. 10. 2019.
- Vvod vojsk v Afganistan: Kak jeto bylo (1989). [The entry of troops into Afghanistan: As it was]. Frunzevec. 29 dekabr'.
- Vojna v Afganistane (1991). [War in Afghanistan]. Moskva: Voenizdat. 367 s.
- Korgun V. G. (2004). Istorija Afganistana XX vek. [History of Afghanistan of the XX century]. Moskva: IV RAN: Kraft. 529 s.
- Kornienko G. M. (1993). Kak prinimalis' reshenija o vvode sovetskih vojsk v Afganistan i ih vyvode [How decisions were made on the entry of Soviet troops into Afghanistan and their withdrawal]. Novaja i novejšaja istorija. №3. 107-118 s.
- Krjuchkov V. A. (2003). Lichnoe delo. [Private bussiness]. Moskva: Izd-vo Jeksno, 2003. 480 s.
- Ljahovskij A. (1995). Tragedija i doblest' Afgana. [he tragedy and valor of Afghanistan]. Moskva. 1995. 650 s.
- Ljahovskij A. A. (1990). Na afganskoj vyzhhennoj zemle [On the Afghan scorched earth]. Kommunist Vooruzhennyh Sil. №22. 57-68 s.
- Merimskij V. A. (1993). Vojna po zakazu [War on Order]. Voenno-istricheskij zhurnal. №11. 30-36 s.
- Mlechin L. (2011). Istorija vneshnej razvedki. Kar'ery i sud'by. [The history of foreign intelligence. Careers and fates]. 528 s.
- Sajlan B. (2018). Biz bolgan sogys. [We were in war]. Almaty: Kazak universiteti. 508 b.
- Sajlan B. S. (2001). Augan sogysynyn akikaty. [The truth of the Afghan war]. Almaty: Kazakparat, 2001. 250 b.
- Sajlan B. S. (2009). Auganstan: Saur tonkerisi bastagan sogys [Afghanistan: The War That Begins April Revolution]. Egemen Kazakstan. 2009. 28 қаңтар.
- Ubijstvo Nur Mohammada Taraki [The assassination of Nur Mohammad Taraki]. chrontime. com. Date: 05. 10. 2019.